АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ
ӘКІМДІГІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ
АКИМАТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Қарауылкелді ауылы

село Карауылкелды

«09» 07 2026 жыл № 142

Байғанин аудандық әкімдігінің 2026 жылғы 09 қаңтардағы №02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығына және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сұраныстарына сәйкес Байғанин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2026 жылғы 9 қаңтардағы №02 «Байғанин ауданының 2026 жылға ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері бойынша сұранысқа ие мамандықтардың тізбесін бекіту туралы» қаулысының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Байғанин ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері бойынша сұранысқа ие мамандықтар тізбесі аудан әкімінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімі: **А.Купенов**

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы
«09» шілдедегі № 142 қаулысына
ҚОСЫМША

Байғанин аудандық әкімдігінің 2026 жылғы 09 қаңтардағы №02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

№	Қызмет алушылардың атауы	Мамандықтардың атауы	Саны
	Білім саласы		
1	№3 Қарауылкелді орта мектебі КММ	Психолог	1
2	Көкбұлақ орта мектебі КММ	Кітапханашы	1
3	С. Ешбаев атындағы орта мектебі КММ	Физика пәнінің мұғалімі	1
4	Қосарал негізгі мектебі КММ	Психолог	1
5	С.Жиенбаев атындағы орта мектебі КММ	Математика пәнінің мұғалімі	1
6	Матайқұм орта мектебі КММ	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі	1
7	Матайқұм орта мектебі КММ	География пәнінің мұғалімі	1
8	Бұлақтыкөл орта мектебі КММ	Музыка пәнінің мұғалімі	1
9	Қаражар орта мектебі КММ	Орыс тілі пәнінің мұғалімі	1
10	Ақтан жырау негізгі мектебі КММ	Физика пәнінің мұғалімі	1
11	«Байғанин ауданындағы психологиялық-педогогикалық түзетім кабинеті» КММ	Дене шынықтыру нұсқаушы	1
12	«Байғанин техникалық колледжі» КММ	Өндірістік оқыту шебері	1
13	«Байғанин техникалық колледжі» КММ	Арнайы пән оқытушысы	1
	Спорт саласы		
14	«Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ	Жаттықтырушы-оқытушы	3
	Мәдениет саласы		
15	«Миялы ауылдық клубы» МҚК	Мәдени-ұйымдастырушы	1
18	«Бұлақтыкөл ауылдық клубы» МҚК	Мәдени-ұйымдастырушы	1
19	«Байғанин аудандық музей» МҚК	Экскурсия жетекшісі	1
20	«Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ	Кітапханашы	1
	Денсаулық сақтау саласы		
21	«Байғанин аудандық ауруханасы» МКК	Терапевт-дәрігер	1
	Ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері		
27	«Көлтабан ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бас маман	1
28	«Жарқамыс ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Жетекші маман	1